

КЕМЕЛ ҰСТАЗ...

Қазақстан Республикасында «Математиканы оқытудың әдістемесі» саласы бойынша өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған, шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеуде абыройлы еңбегімен көптің ілтипатына бөленген, өзінің тереңде нәрлі білімін студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға жеткізе білген ғалым-ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі Досымхан Рахымбектің өмірден өткеніне айдың жүзі болды.



Академик ағамыз 1947 жылы 30 сәуірде Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр ауылдық округінің Зағамбар ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Шымкент қаласындағы №51 орта мектепті, 1970 жылы Шымкент педагогикалық институтының математика факультетін үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын 1970 жылы Шымкенттегі Жамбыл атындағы №26 орта мектепте математика пәні мұғалімі болып бастады. 1973-1993 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарды, 1993-1995 жылдары Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институтында кафедра меңгерушісі, ал 1995-1997 жылдары докторантурадан тыс докторлық диссертация дайындау үшін аға ғылыми қызметкерлікте болды. 1998 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды. 2013 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры.

1984 жылы Киев қаласындағы Украина педагогикалық ғылыми-зерттеу институты жанындағы арнайы ғылыми кеңесте математиканы оқыту әдістемесінен кандидаттық диссертациясын, ал 1998 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде математиканы оқыту әдістемесі бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым докторы ғылыми дәрежесін алды. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы аттестация комитеті профессор ғылыми атағын берді.

Досымхан Рахымбек саналы өмірін жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне, тынымсыз ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға, оқу-әдістемелік әдебиеттер жазуға арнады. Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысы мектеп математика курсының оқыту мен математика мұғалімінің кәсіптік дайындығы мәселелеріне бағытталған. Оның 300-ден аса ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Ол «Оқушылардың логикалық-методологиялық білімдерін жетілдіру», «Мектеп математика курсына дәлелдеуге үйрету» атты монографияларының авторы. 35-ден аса оқулық пен оқу құралдарын даярлаған: «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Математиканы оқыту әдістемесі (жалпы әдістеме)», «Математиканы оқытудың дербес әдістемесі: арифметика, алгебра және анализ бастамалары», «Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқыту әдістемесі», «Геометрияны (планиметрия) оқыту әдістемесі», «Стереометрия курсының оқыту әдістемесі», «Геометриялық салу есептері», «Алгебралық және тригонометриялық өрнектерді түрлендіру», «Геометриялық есептерді шығару практикумы (Планиметрия)» және т.б.

Оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында, 2000 жылдары математиканы оқытудың әдістемесі саласынан диссертациялық кеңестің ашылуына мұрындық болып, сол кеңес төрағасының орынбасары, кейіннен өмірінің соңына дейін кеңес төрағасы қызметін атқарды. Досымхан Рахымбекұлының ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы даярланып, ғылымның даңғыл жолына түсті. Ақыл-кеңес сұраған шәкірттеріне, ой бөліскен әріптестеріне тынбай көмектесетін еді. Бұл – ғалымның жүрегінің кеңдігі, ғылымға деген жана-шырлығы деп түсінеміз.

Ғылым жолында тапжылмай жасаған еңбектері еленіп, Білім және ғылым министрлерінің қолынан бірнеше марапаттар алған. Атап айтқанда, 2007, 2014 жылдары Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы атағының иегері, ал 2015 жылы Ы.Алтынсарин атындағы медальдың, 2017 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалінің иегері атанды. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының **ТОЛЫҚ МҮШЕСІ - АКАДЕМИГІ** болып тағайындалған.

Қоғамның дамуына қатысты атқарған еңбектерінде жетерлік. Мысалы, 2012 жылдан бастап шығарылып жатқан Республикалық Ғылыми-әдістемелік «Математика дидактикасы» журналының бас редакторы ретіндегі жұмыстары, «Оңтүстік Қазақстан облысы математика мұғалімдері мен оқытушылары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігін құрудағы қажырлы еңбегі – ғалымның еліміздегі математикалық білім беру саласындағы түйткілді мәселелерді шешуде қомақты үлес қосты.

Еліміздің халық ағарту саласындағы проблемалық мәселелерді көтеріп, ғылымның қия жолына өрлеп, талай асуларды бағындырған, елімізде білімді жастарды тәрбиелеудің болашағы үшін бар күші мен жігерін сарқа жұмсаған, өнегелі ұстазымыз Досымхан Рахымбекұлы табиғатында өте сабырлы, көркем мінезді жан еді. Қызметте абыройлы, үлкенге іні, кішіге абзал аға, сүйікті жар, құрметті ата, қамқор әке, елге елеулі азамат болған ұстазымыз Досымхан Рахымбекұлының жаны жәннатта болғай.

**Н.МАДИЯРОВ, Ж.ИЗТАЕВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің оқытушылары**